

Шектеу шараларын енгізіп ветеринариялық режимді белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округінің әкімінің 2012 жылғы 6 қарашадағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 қарашада № 3439 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 11 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 2013.01.13 № 1 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2012 жылғы 15 қазандағы № 10-2/126 ұсынысының негізінде Исатай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Исатай ауылдық округіне қарасты Жарсай–2 селосы аумағында ірі қара малдар арасында құтыру жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, оны әрі қарай таратпай жою мақсатында шектеу шаралары енгізіліп, ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Ақылбеков